

Г.Ө. Насимова<sup>1\*</sup>, М.Ө. Насимов<sup>2</sup>, Б.Н. Симагамбетов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қызылорда «Болашақ» университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

\*e-mail: nasimova@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ: ФАКТОРЛАР ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Мақалада авторлар наразылық факторларын, олардың ерекшеліктерін зерттеудің негізгі тәсілдерін зерттеді. Сандық және сапалық әдістердің негізінде Қазақстандағы наразылықтардың негізгі факторлары мен себептері анықталды. Әлеуметтік зерттеудің бірқатар сұрақтары респонденттердің елдегі экономикалық ахуалды, отбасының материалдық жағдайы мен тұтынушылық әлеуетін бағалауға, ел алдында тұрған мәселелерді анықтауға бағытталған. Сұрақтардың тағы бір блогы бұқаралық ақпарат құралдарына сенім деңгейін анықтауға, әлеуметтік желілердің наразылық белсенділігіне әсер ету дәрежесін айқындауға, халықтың наразылық деңгейін бағалауға бағытталған.

2000 респондентке сауалнама жүргізу нәтижелері және Қазақстандағы 16 фокус-топтық пікірталас деректерін зерделеу елдегі наразылық әлеуетіне әсер ететін факторлар иерархиясын анықтады. Қазақстандық қоғамның наразылық әлеуеті ең алдымен әлеуметтік-экономикалық мәселелермен байланысты. Сонымен қатар, наразылық факторы тиімсіз мемлекеттік басқару және сыбайлас жемқорлық болып табылады. Бұл мақалада қазақстандықтардың наразылық акцияларына қатысу дайындығы зерттелген. Назылықтарға қатысу бейімділігі этникалық, білім және аймақтар бөлінісінде зерттелген. Бұқаралық ақпарат құралдарының қазақстандық қоғамның наразылық әлеуетіне ықпал ету дәрежесі анықталды.

**Түйін сөздер:** наразылық әлеует, наразылық белсенділігі, аймақтар бөлінісі, факторлар, конфликт.

G.O. Nassimova<sup>1\*</sup>, M.O. Nassimov<sup>2</sup>, B.N. Simagambetov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Kyzylorda University Bolashak, Kazakhstan, Kyzylorda

\*e-mail: nasimova@mail.ru

## Protest potential in Kazakhstan: factors and regional features

In the article, the authors investigated the main approaches to the study of protest factors and their features. Based on quantitative and qualitative methods identified the main factors and causes of protests in Kazakhstan. A number of questions of the sociological research are aimed at assessing the respondents' economic situation in the country, the financial situation and consumer potential of their family, identifying the problems facing the country. Another set of questions focused on identifying the level of trust in the media, determining the degree of influence of social networks on protest activity, assessing the level of protest of the population.

The results of a survey of 2 000 respondents and the study of data from 16 focus group discussions in Kazakhstan revealed a hierarchy of factors affecting the protest potential in the country. The protest potential of Kazakhstan's society is primarily associated with socio-economic problems. In addition, inefficient public administration and corruption are a factor of protest. This article examines the degree of readiness of Kazakhstanis to participate in protest actions. The propensity to participate in protests has been studied in ethnic, educational and sample of regions. The degree of impact of mass media on the protest potential of the Kazakh society is revealed.

**Key words:** protest potential, protest activity, sample of regions, factors, conflict.

Г.О. Насимов<sup>1\*</sup>, М.О. Насимов<sup>2</sup>, Б.Н. Симагамбетов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Кызылординский университет «Болашақ», Казахстан, г. Кызылорда

\*e-mail: nasimova@mail.ru

## Протестный потенциал в Казахстане: факторы и региональные особенности

В статье авторы исследовали основные подходы к изучению факторов протестов, их особенностей. На основе количественных и качественных методов выявлены основные факторы и причины протестов в Казахстане. Ряд вопросов социологического исследования направлены на оценку респондентами экономической ситуации в стране, материального положения и потреби-

тельского потенциала своей семьи, выявление проблем, стоящих перед страной. Другой блок вопросов был ориентирован на выявление уровня доверия к средствам массовой информации, определение степени влияния социальных сетей на протестную активность, оценки уровня протестности населения.

Результаты анкетирования 2000 респондентов и изучение данных 16 фокус-групповых дискуссий в Казахстане выявили иерархию факторов, влияющих на протестный потенциал в стране. Протестный потенциал казахстанского общества связан прежде всего с социально-экономическими проблемами. Кроме того, фактором протестности являются неэффективное государственное управление и коррупция. В данной статье изучена степень готовности участия казахстанцев в акциях протеста. Склонность к участию в протестах исследована в этническом, образовательном и региональном разрезах. Выявлена степень влияния средств массовой информации на протестный потенциал казахстанского общества.

**Ключевые слова:** протестный потенциал, протестная активность, разрез регионов, факторы, конфликт.

## Кіріспе

«Қасіретті қаңтарда» Қазақстан халқы ауыр күндерді басынан өткізді. Алдымен митингілер Жаңаөзенде басталып, кейін автокөлік газының қымбаттауына байланысты наразылық бірқатар өңірлерде қолдау тапты. Қоғамда конфликтілердің болуы қалыпты ахуал болғанымен, оның деструктивті формаларды иеленіп, олардың реттелуі ел үшін осындай қасіретпен ұштасып жатса, бұл мүлдем басқаша мәселе болып табылады. «Қасіретті қаңтардағы» қақтығыстар деструктивті формаларды иеленді және олардың реттелуі қоғам үшін күйзелістермен қатар жүрді.

Саяси қатысуға арналған әдебиеттер соңғы төрт онжылдықта бүкіл әлемде наразылық акцияларының өскенін баяндайды (Biggs, 2015). Наразылық әрекеттерінің көбеюі саяси және әлеуметтік философтарды қазіргі демократиядағы наразылықтың мәні мен қызметін талдауға итермелейді. Оның қақтығыстық әлеуметтік қатынастарға бағытталуы радикалды демократиялық теорияны қазіргі кездегі күш-жігерге көп үміт күттіретін тәсілге айналдырады. Бұл бізге наразылықтың қазіргі формасын заманауи демократиялық тәртіптің бүгінгі түріне (мүдделер саясаты немесе құқықтар үшін күрес ретінде емес) сын ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. С. Volk (2018) радикалды демократиялық ой демократиялық жүйенің ерекшеліктерін концептуалды түрде қабылдай алмайды және наразылықтың демократия үшін маңыздылығын жеткілікті түрде анықтай алмайды деп мәлімдейді. Осылайша, заманауи демократиядағы саяси наразылықтың демократиялық және әлеуметтік теориясы әлі де өзінің дамуын күтуде.

1960 жылдардан бері дамып келе жатқан саяси белсенділіктің алуандылығы Ұлыбритания, АҚШ, Батыс Германия, Австрия және Нидер-

ланды секілді 5 елдің саяси әрекет стилі мен наразылық әлеуетін түсіндіруге арналған халықаралық зерттеулер жүргізуге ықпал жасады. А. Marsh (1979) саяси қатысудың бес түріне (белсенді емес, конформистер, реформаторлар, белсенділер және наразылық білдірушілер) сәйкес олардың сипаттамаларын (жас, жыныс, білімі мен құндылықтары) анықтады. А. Marsh (1974) осы зерттеу жұмысына дейін ортодоксальды емес мінез-құлық үлгілеріне қатысты көзқарасты өлшеудің әдісін әзірлеген болатын. Бұл әдіс студенттер, жас жұмысшылар, егде жастағы жұмысшылар мен егде жастағы орта тап өкілдері арасында пайдалану кезінде популяциялық және конструктивті сәйкестілікті иеленді. Мақұлдау, ақтау, мінез-құлық ниеті және «тиімділік» секілді бағалау параметрлері «наразылық әлеуеті» өлшемін біріктіріп, регрессиялық талдау негізінде нәтиже алынған. Сонымен қатар, С. J. Andersson мен S. M. Mendes (2006) жаңа және қалыптасқан демократиялық жүйелердегі сайлауда жеңімпаздар мен жеңілгендер кездесетін ын-таландыруға негізделген наразылық әлеуетінің моделін ұсынды.

Наразылық әлеуетін түсіндіру үшін құрылымдық-когнитивті модель (Structural Cognitive Model) (1) экономикалық және саяси контексттер («құрылым») мен жеке деңгейдегі әлеуметтік-психологиялық факторлар («когнитивті») арасындағы көп деңгейлі өзара әрекеттесуді қамтиды. Осылайша, (2) макро- факторлар деңгейінде жеке және топтық наразылық әлеует күшеюі немесе әлсіреуі мүмкін. Бұл модель бойынша бірнеше халықаралық сынақтар бар, дегенмен ол ұсынатын көптеген танымдық тұжырымдамалар ірі халықаралық зерттеу жобаларында қол жетімді емес. Осы себептерге байланысты, О. Lavrinenko (2021) наразылық әлеуетті макро деңгейдегі экономикалық теңсіздіктің және са-

яси мүмкіндіктер құрылымының ашықтық немесе жабықтық дәрежесінің нәтижесі ретінде түсіндіреді. Демократиялық және авторитарлық режимдерде бұқараның неге наразылық білдіретіні туралы көптеген теорияларға психологиялық немесе «когнитивті» элемент енеді. Олардың құрамына кіретін негізгі теориялар (1) құрылымдық шарттардың мәнін төмендетеді және (2) танымның нақты құрылымы мен моделін жариялағанымен, елдер мен уақыт өлшемінде ұсыныстар мәліметтерін тексеру мүмкін емес (Lavrinenko, 2022).

Халықтың наразылық белсенділігі қоғамдағы саяси жүйелердің өзгеруінің маңызды факторы болып табылады. Сонымен бірге, азаматтық наразылық белсенділігінің индикаторлары көбінесе саяси технологиялар мен қоғамдық сананы манипуляциялаудың құрбанына айналады. Көшедегі наразылық белсенділігі терең әлеуметтік қарама-қайшылықтарды көрсетуі мүмкін (Yudina et al., 2020). Әлеуметтік қарама-қайшылықтар адамдардың өмір сүру деңгейінде, әлеуметтік қатынастардың сипатында, билік пен басқару жүйесінде көрінетін топтардың, таптардың, қоғам мүшелерінің әлеуметтік мүдделерінің сәйкес келмеуінен туындайтындықтан, барлық саладағы тұрақсыздықтың факторы болып табылады.

P.P. Yakovlev және N.M. Yakovleva (2020) әлемді дүр сілкіндірген жаппай әлеуметтік-саяси наразылықтардың қуатты толқынын екі өлшемде қарастырады: наразылықтардың негізгі себептері мен елдердегі ерекшеліктері; жаһандық даму мегатрендтеріндегі наразылықтардың шарттылығы, олардың неолибералды жаһандану дәуірінде қалыптасқан әлемдік тәртіпті өзгертетін іргелі процестермен байланысы. Бұл тұста Қазақстан аймақтары бөлінісіндегі наразылық әлеуетінің ерекше белгілерін айқындаған маңызды деп айтар едік.

Наразылық қозғалыстарының жалпы әрекет әлеуетін түсіндіру үшін үш түсініктеме ұсынылады (Craig Jenkins and Wallace, 1996): жаңа таптың өсуі; әлеуметтік құндылықтарды ырықтандыруға (либералдандыру) және наразылыққа қарсы әлеуметтік шектеулерді әлсіретуге әкелетін жалпы әлеуметтік тенденциялар жиынтығы; шығарылған топтарды жұмылдыру. Біздің ойымызша, жаңа таптың өсуі қоғамдық-саяси өмірге айтарлықтай әсер етіп, өзгерістер әкеледі. Әлеуметтік құндылықтарды ырықтан-

дыру материалдық табыс табумен қатар жүреді және жаңа мүмкіндіктерді жүзеге асыруға көмектеседі. Сондай-ақ шығарылған топтарды саяси салада жұмылдыру маңызды деп ойлаймыз.

A.-R. Lee және J.A. Norris (2000) пікірінше, қоршаған ортаға қамқорлық жасау Еуропадағы наразылық әлеуетіне әлсіз немесе біркелкі әсер етеді; Шығыс үшін ұлттық экономика және жұмыссыздық сияқты мәселелер маңызды саяси мәнге ие болуы мүмкін. Демек, Батыс пен Шығыс өлшемінде де өзгешеліктер бар. Сондай-ақ, неғұрлым білімді, жас, еркіндігі жоғары және саяси процесте белсендірек азаматтардың наразылық шараларына қатысу үшін көбірек әлеуетті деген болжам да бар (Lee, 2003). Бұл пікірге сәйкес Роберт У. Кокстың макро-өзгеріс теориясында маргиналданғандар төменнен саяси экономикалық трансформацияны жүзеге асыра алатын әлеуметтік күш екендігі айтылады.

M.H. Fink және S. Uhan (2021) әлеуметтік теңсіздікті қабылдау мен бағалаудың азаматтардың наразылық білдіруіне ықпалын қарастырады. Олар дағдарыс кезінде наразылықтардың пайда болуын түсіндіру үшін өзекті болып табылатын салыстырмалы депривация теориясын бастапқы нүкте ретінде алады. Нәтижелер ұжымдық іс-әрекеттің негізгі триггері абсолютті дистресс емес екенін және наразылық мінез-құлық әлеуметтік топтағы депривацияның салыстырмалы дәрежесінің нәтижесі болуы мүмкін екенін көрсетеді. Сондықтан белгілі бір әлеуметтік топтың нақты және заңға сыйымды үміттерінің сәйкес келмеуі (нормаларға, өмір сүру деңгейіне және әлеуметтік жағдайына қатысты) және бұл үміттердің орындалатындығын бағалау маңызды.

O.V. Harmatiy (2021) бастаған ғалымдар әлеуметтік желілерді қоғамның наразылық әлеуетін саяси жұмылдыру алаңы ретінде пайдалану мәселесін зерттейді. Бұл үшін олар қоғамдағы наразылық әлеуетін қалыптастыру мен іске асыруда әлеуметтік желілердің әсер ету рөлі мен пайдалану басымдықтарын айқындайды. Қоғамдық наразылық әлеуетін қалыптастыру және іске асыру құралы ретінде әлеуметтік желілерді пайдаланудың технологиялық аспектілерін, түрлері мен әдістерін ашады. Ғалымдар әлеуметтік желілерді қо-

ғамды саяси жұмылдыру үшін пайдаланудың басқа елдердегі прецеденттері, факторлары мен мүмкіндіктері, әлеуметтік желілердің негізгі мақсатты аудиториясы болып табылатын жастар мен орта таптан құрылған наразылық науқандарын ұйымдастыру және өткізу кезіндегі аудиторияның пікіріне ықпал ету тәсілдерін ескере отырып, жылдам ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін анықтайды.

Наразылық білдіру саяси қатысудың бір түрі екендігі, наразылық әлеуетін түсіндірудің құрылымдық-когнитивті моделі біздің сандық және сапалық әдістерімізді айқындап тұр. Еліміздегі жаңа таптың қалыптасуы және дамуы, әлеуметтік құндылықтардың либералдануы да осы мәселені қарастыруға жол ашады. Біздің елімізде де халықты ұлттық экономика мен жұмыссыздық сияқты мәселелер мазалап отырғанын осы зерттеуімізде айқындаймыз. Сонымен қатар, Қазақстан жағдайында толық емес және орта білімі бар адамдар арасында наразылық білдіруге бейімділік байқалады.

«Қасіретті қаңтар» бойынша көптеген сұрақтарға ғылыми жауап жоқ. Өйткені бұл наразылықтың себептері бойынша түрлі нұсқалар бар. Бұл зерттеулер қаңтардағы қақтығыстардан бірнеше ай бұрын жүргізілгендіктен, біз осы мақалада келесі зерттеу сұрақтарына жауап береміз деп ойлаймыз:

1. Қарама-қайшылықтар болған жағдайда нақты конфликтілер кезеңіне өтуі мүмкін елдегі наразылық әлеуетіне әсер ететін факторлардың иерархиясы қандай?

2. Қазақстан аймақтары бөлінісіндегі наразылық әлеуетінің ерекше белгілері қандай?

3. Қаңтар оқиғасына дейін тұрғындар наразылығы қандай деңгейде болды?

### **Материалдар және әдістер**

Бұл мақала әл-Фараби атындағы ҚазҰУ саясаттану және саяси технологиялар кафедрасында ҚР БҒМ тапсырысымен жүзеге асырылып жатқан «Қазақстандағы наразылық әлеуеті: ерекшеліктері, факторлары және трендтері» ғылыми жобасы аясында жүргізілген нәтижелер бойынша жазылған.

2021 жылдың шілде мен қыркүйек айлары аралығында Тараз, Қызылорда, Маңғыстау

(Жаңаөзен), Атырау, Ақтөбе, Жезқазған, Алматы, Нұр-Сұлтан, Петропавл, Өскемен, Қарағанды қалаларында 16 фокус-топтық пікірталас өтті. 2021 жылдың шілде мен қыркүйек айлары аралығында Қазақстандағы тұрғындардың наразылық әлеуетін анықтау үшін 2000 респондент арасында онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтары келесі блоктардан тұрады:

1. Халықтың әлеуметтік көңіл-күйі. Бұл сұрақтар блогы респонденттердің елдегі экономикалық жағдайды, өз отбасының материалдық жағдайы мен тұтынушылық әлеуетін бағалауға, ел алдында тұрған мәселелерді анықтауға бағытталған. Әзірленген сұрақтар азаматтардың өз өміріне қанағаттану деңгейін анықтауға қатысты болды.

2. Халықтың ақпараттық белсенділігі. Сұрақтар блогы респонденттердің елдегі саяси оқиғаларға қызығушылығын, бұқаралық ақпарат құралдарына сенім деңгейін анықтауға, әлеуметтік желілердің наразылық белсенділікке әсер ету деңгейін анықтауға бағытталған.

3. Халықтың наразылық деңгейін бағалау. Сауалдар Қазақстандағы наразылықтарға қатысу факторларын, аймақтық бөліністегі халықтың наразылық мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтау мақсатында әзірленді.

Сауалнама барысында алынған нәтижелер SPSS бағдарламасы арқылы өңделді. Зерттеуді Локальды этикалық комитет мақұлдады (хаттама №IRB – АЗ 07). Зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы наразылық әлеуетінің факторлары, олардың ықпал ету иерархиясы, аймақтық ерекшеліктері мен айырмашылықтары айқындалды.

### **Нәтижелері және талқылама**

#### **Қазақстандағы наразылықтарға ықпал ететін факторлар**

Наразылықтарға ықпал ететін факторларды анықтау үшін біз қаңтар оқиғалары қарсаңында тұрған маңызды мәселелердің иерархиясын анықтадық (1-кесте).

**1-кесте** – Қазіргі уақыттағы еліміз үшін ең маңызды мәселелер (екі жауап нұсқасы белгіленді) (сұралғандардың жалпы санынан N=2000)

Мәселелер	%
Қылмыс деңгейі	7,4 %
Экономикалық жағдай	22,9 %
Бағаның өсуі, инфляция	53,1 %
Салықтың жоғары болуы	4,7 %
Жұмыссыздық	20,8 %
Терроризм	0,8 %
Қорғаныс пен сыртқы саясат мәселесі	1,0 %
Мигранттардың көп келуі, иммиграция	1,0 %
Тұрғын үй мәселесі	15,1 %
Қоғамдық көлік мәселесі	1,3 %
Денсаулық сақтау жүйесінің нашар жағдайы	9,5 %
Білім беру жүйесінің нашар жағдайы	5,9 %
Төмен зейнетақы	5,0 %
Қоршаған ортаның нашар жағдайы	2,5 %
Мемлекеттік басқарудың нашарлауы, жемқорлық	29,4 %
Жауап беруге қиналамын	2,7 %
Басқа	1,1 %

Сауалнамада ұсынылған мәселелерді сараулау барысында респонденттер үшін ең өткір мәселелер әлеуметтік-экономикалық саланы қамтиды: бағаның өсуі, инфляция (53,1 %), мемлекеттік басқарудың нашарлауы, жемқорлық (29,4 %), экономикалық жағдай (22,9 %), жұмыссыздық (20,8 %), тұрғын үй мәселесі (15,1 %), денсаулық сақтау жүйесінің нашар жағдайы (9,5 %), қылмыс деңгейі (7,4 %), білім беру жүйесінің нашар жағдайы (5,9 %), төмен зейнетақы (5 %). Экология, қоғамдық көлік, салықтың жоғары болуы, терроризм, миграция, қорғаныс пен сыртқы саясат мәселелері халықты аз алаңдатады. Біз мәселелердің көпшілігі әлеуметтік-экономикалық сипатта екенін көріп отырмыз. Бұл ретте «мемлекеттік басқарудың нашарлауы, жемқорлық» мәселесіне назар аудару қажет. Мұны әрбір үшінші респондент айтқан.

Аймақтар бөлінісінде бағаның өсуі, инфляция еліміздің барлық өңірлеріндегі ең маңызды мәселе болып табылады. Барлық аймақтар үшін рейтингте келесі орында мемлекеттік басқа-

рудың нашарлауы, жемқорлық тұр. Наразылықтың өсуіне ықпал ететін факторларға биліктің наразылық білдірушілермен диалогты ұйымдастыра алмауы, өзара әрекеттесуде күштеу форматын қолдану жатады. Соның салдарынан азаматтар билікті әділетсіз және дөрекі күш ретінде қабылдай бастайды, ал риторика барған сайын радикалды сипатты иелене бастайды.

Бұл көзқарасқа қаңтар айындағы шерушілердің өз қалаларының алаңдарына шыққан конфликтілер дәлел. Мемлекеттік органдарға деген сенімсіздікті, тиімді қарым-қатынастың болмауын байқауға болады. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде айтты: «Шенеуніктердің азаматтармен диалогының тиімділігі төмен екендігін айтып өткен жөн. Мемлекеттік орган басшылары халықпен сөйлесе алмайды, тіпті кейде қорқатын секілді».

Зерттеу деректері бойынша қазақстандық азаматтардың 35 пайызы елдің экономикалық жағдайын нашар және өте нашар деп айтқан. Респонденттердің 44,2 пайызы орташа деп бағаласа, сауалнамаға қатысқан азаматтардың тек 17,5 пайызы біздің еліміздің экономикалық жағдайы өте жақсы және жақсы деп санайды (2-кесте).

**2-кесте** – Еліміздің экономикалық жағдайы (сұралғандардың жалпы санынан N=2000)

Жағдай	%
Өте жақсы	4,9
Жақсы	12,6
Орташа	44,2
Нашар	25,1
Өте нашар	9,9
Жауап беруге қиналамын	3,3
ЖАЛПЫ	100,0

«Сіз өз отбасыңыздың экономикалық жағдайын қалай бағалар едіңіз?» сауалының жауаптары мазасыздық тудырды – сауалнамаға қатысқандардың 18,5 пайызы нашар, 5,3 пайызы өте нашар деп бағалады. Отбасының орташа экономикалық жағдайын респонденттердің 58,8 пайызы бағалаған. Аймақтар бөлінісінде Батыс Қазақстан облысының (13,6 %), Түркістан облысының (13,1 %) респонденттері өз отбасыларының экономикалық жағдайын өте нашар,

Ақмола облысының (35,9 %), Батыс Қазақстан облысының (25,8 %), Алматы облысы (23,5 %) тұрғындары нашар деп бағалайды.

Осылайша қоғамда әлеуметтік-экономикалық мәселелер жинақталып тұр. Соңғы наразылықтар жаңа әлеуметтік шындықтың пайда болғанын көрсетті, оның маңызды ерекшелігіне жүргізіліп жатқан саясат нәтижелеріне азаматтардың қанағаттанбауы жатады.

Мәселен, респонденттердің 42,9 пайызы елдегі саяси жағдайды шиеленісті деп бағаласа, 17,1 пайызы қауіпті және жарылу алдында деп бағалады. Аймақтар бөлінісінде Солтүстік Қазақстан облысы (61,3 %), Атырау (49,4 %), Павлодар (48,6 %), Қостанай (47,8 %), Қарағанды (45,6 %), Жамбыл (45,8 %) облыстарының, Нұр-Сұлтан (46,3 %), Алматы (45,4 %) қалаларының тұрғындары шиеленісті деп бағалаған. Батыс Қазақстан облысының респонденттері (37,9 %) елдегі саяси жағдайдың қауіпті және жарылу алдында екенін айтады.

Қоғам өзінің жағдайына өкпелі және көп жағдайда өзгерісті қолдайды және өзгерісті күтеді. Келесі кестеге назар аударатын болсақ, респонденттердің 60 пайызға жуығы бүгінгі өмірде көп нәрсені өзгерту қажет және кез келген жағдайда түбегейлі өзгерістер қажет деп есептейтінін көреміз (3-кесте). Жаңа Қазақстан билік пен қоғам құндылықтарының қайта жаңғыруы деп түсінеміз. Сонымен қатар, кезеңдік және жүйелі реформаларды жалғастыруды талап ететін ұстаным деп бағалаймыз.

**3-кесте** – Ел өміріне өзгерістердің қажеттілігі (сұралғандардың жалпы санынан N=2000)

	%
Барлығы қазіргі қалпында қалғанын қалаймын	10,5
Жалпы жағдайға көңілім толады, бірақ, кей салаларға өзгеріс қажет	23,6
Біздің өміріміздің көп тұстарын өзгертуіміз қажет	<b>40,3</b>
Қандай жолмен болса да, түбегейлі өзгерістер жасау қажет	<b>19,4</b>
Жауап беруге қиналамын	6,2
<b>ЖАЛПЫ</b>	100,0

### Наразылықтарға қатысуға дайындық

Әлеуметтік-экономикалық ахуал нашарласа, респонденттердің басым бөлігі (45,5 %) өз өмірін

жақсарту жолдарын өз бетінше іздейді. 19,1 % жақсы уақытты шыдамдылықпен күтуге және қазіргі нақты жағдайларға мәжбүрлеп бейімделуді өмірлік стратегия ретінде қарастыруға ниетті. Дегенмен, халықтың қиын жағдайларға бейімделу қабілетінен ешқандай құндылық жасау мүмкін емес, өйткені бұл бейімделу мәжбүрлі және ұзаққа созыла қоймайды. Мүдделері бұзылған адамдар ерте ме, кеш пе, мүдделерін күшпен қорғау керек деген ойға келеді.

Әрбір оныншы респондент елдегі жағдай нашарлаған жағдайда эмиграцияны қарастырады. Бұл жағдайда респонденттердің 3,4 пайызы ғана наразылық акцияларына қатысуға ниет білдірді. Сұралғандардың 17 пайызы бұл сұраққа жауап беруге қиналғаны назарымызды аудартады. Әлеуметтік-экономикалық ахуал нашарлаған кезде наразылық шерулеріне қатысуға дайын екенін мәлімдеген респонденттердің пайызы елдегі экономикалық ахуалды «нашар» (25,1 %) және «өте нашар» (9,9 %) деп бағалағандармен салыстырғанда төмен.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері респонденттердің жартысына жуығы әлеуметтік-экономикалық талаптары бар наразылық акциялары олардың қаласында/ауылында болуы мүмкін деп санайтынын көрсетті. Осылайша, олардың 28,7 пайызы мұны әбден мүмкін деп санаса, 21 пайызы бұл мәселеге сенімділік танытып отыр. Айта кету қажет, наразылық білдіру мүмкін немесе мүмкін деуге болады деп санайтындардың көпшілігі (53,9 %) әлеуметтік желілердегі ақпаратқа сенеді.

Аймақтар бөлінісінде мұндай наразылықтардың туындау мүмкіндігіне Түркістан облысының (32,2 %), Жамбыл облысының (32,1 %), Нұр-Сұлтан қаласының (25,8 %), Шығыс Қазақстан облысының (26,6 %) респонденттері көбірек сенімді. Экономикалық мәселелерге байланысты наразылықтарды ең алдымен Ақтөбе облысының (40,2 %), Алматы қаласының (38 %), Қостанай облысының (38,3 %), Маңғыстау облысының (34,4 %) азаматтары жоққа шығармайды. Наразылықты мүмкін емес деп санайтындардың және мұндай мүмкіндікті жоққа шығаратындардың жиынтық үлесі тек 21,2 пайызды құрайды.

Сонымен бірге, егер наразылық қимылдары болса, респонденттердің 17,2 пайызы қатысуы мүмкін деп мәлімдеді. Бұл сұраққа жауап беруге қиналғандардың жоғары пайыз көрсетіп тұрғаны (24,7 %) назар аудартады (4-кесте).

**4-кесте** – Наразылық оқиғасының орын алуына байланысты қатысушылар деңгейі (сұралғандардың жалпы санынан N=2000)

	%
Иә деуге болады	17,2
Жоқ деуге болады	58,1
Жауап беруге киналамын	24,7
ЖАЛПЫ	100,0

Саяси талаптар қойылатын наразылықтарға қатысу ықтималдығы бар жауаптардан да ұқсас нәтижелер алынды (5-кесте).

**5-кесте** – Саяси талаптарды алға тартқан наразылық акциясы орын алуына байланысты қатысушылар деңгейі (сұралғандардың жалпы санынан N=2000)

	%
Иә деуге болады	16,9
Жоқ деуге болады	59,6
Жауап беруге киналамын	23,5
ЖАЛПЫ	100,0

Фокус-топтардың нәтижелері бойынша наразылық әлеуетін қалыптастыру факторларын жеке деңгейдегі себептермен де, ел өміріне қатысты жалпы сәттермен де байланыстыруға болатыны анықталды. Жеке деңгейдегі факторларға өмірдің күрт нашарлауына байланысты жағдайлар (жұмысынан немесе бизнесінен айырылу, жұмыссыздық, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығының нашар жағдайы, азық-түлік жетіспеушілігі, азық-түлік бағасы), респонденттердің жеке өмірі мен отбасына қатысты тікелей әсер ететін себептер қатарындағы балаларын вакцинациялауға мәжбүрлеу жатады. Бұл ретте респонденттердің көпшілігі басқа талаптарға қарағанда өздерінің жеке мүдделерін немесе өз отбасы мүшелерінің мүдделерін қорғау наразылықтарына («егер мәселе жеке өзіме немесе менің жақындарыма қатысты болса», «отбасыма, балаларыма қауіп төнеді», «егер билік балаларды мәжбүрлеп вакцинациялайтын болса» және т.б.) қатысуға дайын болды. Факторлардың тағы бір тобына елдің дамуымен байланысты себептер, ұлттық ауқымдағы мәселелер жатады. Ең алдымен бұл: жемқорлық, жер мәселесі (жерді жалға беру және сату), тілдік немесе ұлттық (этникалық) мәселелері, аймақтағы исламның радикалдануы, Ауғанстаннан келген босқындарды Қазақстанға

орналастыруға қатысты мәселелер. Жалпы 5 облыста (Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау) қазақ тілінде өткізілген барлық фокус-топтарға қатысушыларға тән ойлар көбінесе қымбатшылық және жұмыссыздыққа байланысты болды.

Фокус-топтарда айтылған кейбір көзқарастарға тоқталсақ;

*«... балаларды вакцинациялау. Өзім вакцинацияны алып отырмын, бірақ әлі зиянын ештеңесін көрген жоқпын. Вакцинация алған адам да ауырып жатыр. Әркімнің ағзасына байланысты ғой. Жалпы балаларды вакцинациялау дегенге қарсымын. Қазір отырған 7 адамның 5 адамы айтуы мүмкін, 10 адамның 7-і. Мен қарсымын вакцинациялауға»* (Ақтөбе облысы, P2). *«... көпшіліктің уайымы сол балалардың вакцина алуы, сол мәселеге байланысты митинг болуы мүмкін деп ойлаймын»* (Жаңаөзен).

*«Кез келген жерде жемқорлық бар ғой»* (Қызылорда облысы). *«Үкіметтен бөлінбей жатыр деп айта алмаймыз. Бөлініп жатыр ақша, бірақ жемқорлық өте көп. Сондықтан жан-жақтан жеп жатыр»* (Жамбыл облысы).

Этникалық тұрғыдан алғанда, наразылық акцияларына қатысуға бейімділік басқа ұлттарға қарағанда қазақтарға (21,3 %) көбірек тән. Толық емес орта және орта білімі бар адамдар (54,1 %) наразылық білдіруге бейімдірек болды. Табыс деңгейі мен наразылық белсенділігінің тәуелділігі байқалмайды. Сонымен бірге, сауалнамаға қатысқандардың арасында көпшілік әлеуметтік желілерге сенім артатындығы мен ақпарат алатындығы маңызды.

## Қорытынды

Осылайша, қазіргі Қазақстан жағдайында тұрғындар үміттерінің өсуі мен олардың нақты қанағаттану мүмкіндіктері арасындағы алшақтыққа негізделген қазақстандықтар арасындағы салыстырмалы депривацияның артуына ықпал ететін себептердің жинақталуы наразылық әлеуетінің артуына әкелуі мүмкін. Әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар Қазақстандағы наразылық әлеуетінің өсуіне ықпал еткен маңызды факторлар, бірақ бұлар жалғыз факторлар емес. Қазақстандағы наразылық әлеуеті аймақтар бөлінісінде ерекшеліктерге ие және оның дамуы мен көрінісіне түрлі іске қосушы факторлар әсер етеді. Олардың ішіндегі негізгілері – халықтың конфликтілі жағдайларға тартылуы, қоғамдық

пікір көшбасшыларының белсенділігі, наразылықтарға қатысуға тартудың ерекшеліктері.

Сондықтан биліктің наразылықтардың түпкі себептерін түсінбеуі немесе елемейі конфликтінің асқынуына себеп болуы мүмкін. Ұзақ мерзімді жоспарда әлеуметтік көңілі толмаушылықтың жасырын түрде өсуі қоғамға деструктивті әсер етеді және наразылықтың апатты жарылыстарына әкелуі ықтимал.

Сондықтан конфликтілі жағдайларды тудыратын, әсіресе деструктивті салдарға әкелетін факторларды ерте диагностикалау және анықтау жұмыстарын жүргізу; бұрыннан пайда болған конфликтілердің даму динамикасын анықтау; кон-

фликтілердің сипатына, олардың оқшаулануына, оңтайландыруына және реттелуіне байланысты негізделген ұсыныстарды тұжырымдау қажет. Біз конфликтіфобиядан арылып, медиация саласы бойынша мамандарды даярлауымыз қажет.

### Қаржыландыру

Берілген мақала «Қазақстандағы наразылық әлеуеті: ерекшеліктері, факторлары және трендтері» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант АР 08857524.

### Әдебиеттер

- Anderson, C.J., & Mendes, S.M. (2006). "Learning to lose: Election outcomes, democratic experience and political protest potential." *British Journal of Political Science*, 36(1), 91-111.
- Biggs, M. (2015). "Has protest increased since the 1970s? How a survey question can construct a spurious trend." *British Journal of Sociology*, 66(1), 141-162.
- Craig Jenkins, J., & Wallace, M. (1996). "The generalized action potential of protest movements: The new class, social trends, and political exclusion explanations." *Sociological Forum*, 11(2), 183-207.
- Fink, M.H., & Uhan, S. (2021). "The COVID-19 epidemic in Slovenia, attitudes towards inequalities and protest potential." *Ars et Humanitas*, 15(1), 91-108.
- Harmatiy, O.V., Basarab, M.M., Serdali, B.K., Akynbekova, A.B., & Beldibekova, A.T. (2021). "Potential of social networks' use in the protest movements." *Journal of Language and Linguistic Studies*, 17(3), 1341-1354.
- Lavrinenko, O. (2021). "Exploring protest in Europe with a multi-level cross-national test of the structural cognitive model." *International Journal of Sociology*, 51(4), 321-335.
- Lavrinenko, O. (2022). "Cognition and protest in democratic and authoritarian regimes, 1981–2020." *International Sociology*, <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/02685809211068664>.
- Lee, A.-R., & Norris, J.A. (2000). "Attitudes toward environmental issues in East Europe." *International Journal of Public Opinion Research*, 12(4), 372-397.
- Lee, A.-R. (2003). "Down and down we go: Trust and compliance in South Korea." *Social Science Quarterly*, 84(2), 329-343.
- Leysens, A.J. (2006). "Social forces in Southern Africa: Transformation from below?" *Journal of Modern African Studies*, 44(1), 31-58.
- Marsh, A. (1974). "Explorations in unorthodox political behaviour: a scale to measure "protest potential." *European Journal of Political Research*, 2(2), 107-129.
- Marsh, A. (1979). "The new matrix of political action." *Futures*, 11(2), 91-103.
- Volk, C. (2018). "On a radical democratic theory of political protest: potentials and shortcomings." *Critical Review of International Social and Political Philosophy*, 24(4), 437-459.
- Yakovlev, P.P., & Yakovleva, N.M. (2020). "Protest potential of the latin america: Regional aspect of global phenomenon." *World Economy and International Relations*, 64(7), 89-99.
- Yudina, T.N., Mazaev, Y.N., Bormotova, T.M., & Kotovskaya, M.G. (2020). "Street protest activity in modern Russian society: Patterns and dynamics of indicators." *Journal of Advanced Research in Dynamical and Control Systems*, 12(4 Special Issue), 1694-1701.